

## КЕЛІСІЛДІ

Қарағанды облысының  
білім басқармасының  
басшысы

  
Г. Қожахметова  
«    »      2022 ж.



## БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысының  
мәдениет, архивтер және  
құжаттама басқармасының  
басшысы

  
Е. Жұмакенов  
«    »      2022 ж.



## «Ғарыш кенеп бояуында» конкурсын өткізу ЕРЕЖЕСІ

Балалардың бейнелеу өнері шығармашылығына арналған «Ғарыш кенеп бояуында» атты конкурсы **2022 жылдың 16 ақпаны мен 5 сәуір** аралығында онлайн форматында өткізіледі. Конкурс «Балалар жылы» аясында ғарышкерлер күніне арналады.

### Конкурсты ұйымдастырып, өткізуші:

- «Сарыжайлау» кинотеатры

### Қолдау көрсеткен:

- Қарағанды облысының білім басқармасы;
- Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.

## 1. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- баланы шығармашылыққа баулу, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға үйрету, оның креативті ойлау жүйесін қалыптастыру;
- баланың жан-жақты, кеңінен ойлау қабілетін дамыту, дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ету;
- баланың жарасымды, үйлесімділікте өсуінде эстетикалық және рухани тәрбиенің алатын орны маңызды екенін көрсету;
- балалардың өз күшіне сенуіне, қызығушылығына және жеке даралық шығармашылық деңгейінің дамып-өсуіне мүмкіндік беру;

## 2. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Конкурсқа Қарағанды облысының қосымша білім беретін, көркемсурет шығармашылығы мен бейнелеу өнері саласы бойынша мекемелердің оқушылары қатыса алады.

**Конкурсқа қатысушылардың жасы: 10-13 жас аралығы**

**Конкурс аталымдары:**

**«Кескіндеме» (Живопись)** - қағаз, тақтай, картон, кенеп бетіне әртүрлі бояуларды қолдана отырып, ғарыш айлағымен байланысты шығармашылық жұмыс (А3 форматында, жақтаумен (рамкамен))

**«Графика»** - ақ түсті қағазға немесе картонға қарындашпен салынған көркем суреттер арқылы ой-қиялын ғарыш тақырыбымен үйлестіру (А3 форматында, жақтаумен (рамкамен))

**«Мүсін»** - қатысушы ғарыш тақырыбына арнаған суреткерлік жұмысын ермексаз немесе саз балшықтан жасай алады.

**«Композиция»** - қатысушы өз қиялынан туындаған шығармашылық жұмысын ғарыш кеңістігімен байланыстырады.

**«Қолданбалы-сәндік өнер»** - қатысушы әдет-ғұрып, тұрмыс саласын бейнелейтін шығармашылық жұмысын ғарыш тақырыбымен ұштастыруы тиіс.

## 3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Конкурс **2022 жылдың 16 ақпаны мен 5 сәуір аралығында** өткізіледі. Конкурсқа келіп түскен жұмыстар алдын ала қаралып, таңдалады.

*Жұмыстар осы конкурс үшін арнайы дайындалуы тиіс.*

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2022 жылдың 25 наурызына дейін электронды поштаға қабылданады, конкурсанттардың жұмыстары 2022 жылдың 28-30 наурызы аралығында «Сарыжайлау» кинотеатрына ұйымдастыру комитетіне берілуі тиіс.

Қазылар алқасының құрамына облыстағы бейнелеу өнерінің мамандары мен қайраткерлері кіреді.

Алдын ала қарап, таңдалып алынған конкурсанттардың шығармашылық жұмыстары кейін кинотеатрдың көрме залында, сонымен қатар кинотеатр сайтында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады.

#### **4. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

«Ғарыш кенеп бояуында» конкурсының жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады; қатысушыларға алғыс хаттар беріледі.

Конкурстың ұйымдастыру комитетінің қатысушыларға қосымша ынталандыру сыйлықтарын тағайындау құқы бар.

**Конкурс қорытындысы 2022 жылғы 5 сәуірде жарияланады.**

**Біздің телефондар:** 42-51-13, 42-53-12

**Мекен-жайы:** Бұқар-жырау даңғ., 32 үй

**Электронды пошта:** saryjaylau\_kino@mail.ru

Үлгі

«Ғарыш кенеп бояуында»  
конкурсының  
ұйымдастыру комитетіне

Өтінім

Аталым

---

Шығарманың атауы

---

Қатысушының аты-  
жөні

---

Аймақ

---

Оқу орны

---

Жетекшінің толық  
аты-жөні

---

Байланыс номері

---

Толтырған күні

---